

отношение к своим близким, хочет вернуть его к истинным реалиям жизни, и показать, что его революционные стремления, искания не стоят страданий близких (7, 608).

Ещё в десятые годы прошлого века, М.А.Расулзаде, корректируя и строго опровергая классовые учения большевизма, и отмечает, что не лозунг о «угнетенных классах», а лозунг о «угнетенных нациях» считается более родным и естественным для национальной азербайджанской реальности. Он также выдвигает против большевистского лозунга «свободу классам» свой лозунг «свободу народам». «В общем-то, реальность, которая в то время в России породила сознание общественной, классовой революции, то у нас породила национальное сознание - национальное движение. Именно оно (азербайджанство!) среди иттихада, большевизма, социал-демократии, которые являются родными или же не родными братьями, превратилось в родное дитя национальной среды. В то время «классовая борьба» в

Азербайджане была чужда социальной стихии и национально-нравственным учениям и она как идея была силой принесена в нашу среду со стороны» (3, 653-654).

1. Рагимов, С. Шамо. Баку: Азернешр, 1961 (на азерб. языке)

2. Халилов, Г. Из истории развития азербайджанского романа. Баку: Азернешр, 1973 (на азерб. языке)

3. Караев, Я. История: близкая и далекая. Баку: Сабах, 1996 (на азерб. языке)

4. Юсифли, В., Юсифли, Дж. Что за волшебство такое. Баку: Элм, 1999 (на азерб. языке)

5. Алишаноглы, Т. Поэтика азербайджанской прозы. Баку: Элм, 2006 (на азерб. языке)

* * *

Bolshevik revolution existence matters of the movement and development of the revolution were the main subject of the new Azerbaijan novels of 1930-50 years. In fact, the main heroes of those works of literature were the revolutionaries. In the article, the regard is expressed to the revolution and revolutionary conceptions from the point of new social-literary thought, political-literary features of the very novels written in the level of concrete demands of the socialist realism method is stated.

Сайын Шаймерден

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОБРАЗ, МІНЕЗ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ («МЕЗГІЛ» ХИКАЯСЫ МЫСАЛЫНДА)

Қазақ көркем сөзінің жұлдызы жарық тұғырлы тұлғаларының бірі Сафуан Шаймерденовтің әдеби мұрасы ұлттық әдебиетімізде қайталанбайтын қолтаңбасымен, көркемсөз өрнектерінің шеберлігімен ерекшелетіні рас.

Академик З. Қабдолов жазушы туралы: «Сафуан Шаймерденовтің қаламгер ретіндегі қадірі, оның қолынан шыққан бұйымдардың өнер туындысы ретіндегі қасиеті неде? Бұл сұраққа жауап беру үшін Сафуанның суреткерлік табиғатына тән айрықша сипаттарды атап өтпеске болмайды», -деп жазған болатын [1].

Сафуан Шаймерденов шығармашылығын тілге мұқият адам, талғампаз адам, мәдениетті жазушы, сыршыл суреткер деп академик З. Қабдолов бағалайды. Және де ұлы ұстаздың жазушыға берген бағасы өте дәл, өте орынды екені оның шығармаларымен сусындаған сайын көз жеткізе түсуге болады.

Әдебиет теоритиктері көркем сөз тарихында 30-50 жылдарды социалистік реализм мен француздық структурализм (кейде постструк-

турализм деп те аталады) бағыттары қатарлас келген тұс деп жазады. Бұл кезең постмодернизмдік «жаңа романның», яғни эстетикалық туындылардың дүниеге келуімен ерекшеленді [2].

Иә, қазақ әдебиетінің сөз өнеріндегі теориялық мәселелерін зерттеген академик З. Қабдолов ерекше қадір тұтып, қадірлеген жазушының қай шығармасы болмасын оқырманын еріксіз еліктіріп, эстетикалық бай қуатымен жетелеп әкететін сиқыры бар. Әсіресе, қазақ әдебиетінде ана образын жаңа қырынан сомдап, соның ішінде өгей анаға деген ыстық сезімдерін сыйлаған жазушының «Мезгіл» хикаясының орны ерекше.

«Ағалардың алақаны» аталатын жинағы 1988 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болғанды. Осы жинақ 2001 жылы жазушының 4 томдық шығармалар жинағының 4-томына енеді. Осы томның әлқиссасы болған «Бір табанан» повесіне жазушы төмендегіше нүкте қояды:

«Менің өге шешем – ардың құлы. Адамшылықтың, кісіліктің құрбаны. Ал осы құрбандыққа мен немен жауап беруім керек. Шынымды айтсам, бұл сауалға күні бүгін де жауап таппай қиналамын. Жалғыз-ақ сол, 1962 жылдың аяқ кезінде жазылған өгей шеше жайындағы «Мезгіл» хикаясы сол сұраққа жауап тапсам бе деген ізденістен туған туынды екенін айтқым келеді» [3].

Әдебиет теориясын зерттеушілердің бірі В.Е. Хализевтің айтуынша, әдебиеттегі типтендіру және мінездің шығу тегі – танымдық қызмет ретінде өнерге жетудің алғашқы қадамы. Дегенмен XIX ғасырдың еншісіндегі тұжырым болғанымен, шынайылықты көркем қабылдаудың барлық формасын жоққа шығармасы анық [4].

Шын мәнінде, жазушы Сафуан шығармасында басынан өткені, өмірден түйгенінен аттап өте алмаған. Оның туындыдағы образдары, оқиға иірімдері бәрі де шынайы.

Жалпы, көркем әдебиетте өгей шеше образы көбінде жағымсыз кейіпкер ретінде қабылданатыны рас. Көбінде өгей шеше қолындағы баланың күні, мұңы, сыры, жыры... жағымды бола бермейтіні же бар. Міне, осынау образ маңында қатқан мұзды балалық жүрегімен, жазушылық қаламымен, адамдық сезімімен жылытқан, әдебиеттегі өгей ана бейнесіне жан берген, рухын тербеткен де Сафуан Шеймерденов болды.

Көркемсөзші хикая басында: «Өгей анам Жақсыбай қызы Бейіс марқұмның аруағына арнаймын», – деп авторлық эпиграф бере кеткенді жөн санайды [5].

Шығарма сюжеті басталғаннан аяқталғаннан бүгін мен өткеннің, өткен мен бүгіннің арасын жалғап отыратын жібек жіптей есіліп, өріліп отырады. Оқиғалардың алма-кезек ауысы, сюжеттің кульминациясы, хикаяның аяқталауын да анаға деген сағыныштан шыққан әдемі өрнек бар. Оқырман жүрегі шымырлатып өтетін, сырқыратып шым еткізер сюжет-өрнектен жан жағы берік, айналасы жұмыр композиция құрылған.

Академик З. Қабдолов осы орайда:

«Сюжеттік, оған өзек болған өмірлік тарыстың әрбір иінінде, бұрылысында оқырманға керегі – дәлел, оқиға үшін логикалық дәлел. Ол жоқ жерде образ да жасанды, оқиға да жалған», – деп жазды [6].

Жазушының бас кейіпкері жол бойындағы жұмбақ жан. Жазушы Сафуан кейіпкерлерін психологиялық иірімдерде, бұрылыстарда сынайды. Оқиға да шынайы, кейіпкер де жанды.

Ол – жазушының өзі. Өз прототипі. Жазушының жолаушысымен танысайық.

«Кірпішешеннің инесіндей тікірейтіп шаш қойған, қалқан құлақ, қара жігіт».

Жазушының шеберлігі де оқиғаның өн бойындағы жұмбақтың шешімін осы кірпі шашты жігіттің аузына салып отырады.

Ал жазушының өмірлік балалық махаббаты саналған жан – өгей анасы кім? «Тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы Арқа әйелдерінің салтын сақтап көк жаулық, оның үстінен қақырайтып шаршы тартқан қарт адам».

Әдебиет теориясын зерттеуші ресейлік ғалым О.А. Павлова көркем әдебиеттегі кейіпкерлер жүйесін талдау алгоритмінің бірнеше әдісін ұсынады. Соның ішінде әдеби портрет, авторлық мотивация, кейіпкерлер диалогы, кейіпкер монологымен қатар оның мінезіне тән «жан диалектикасын» атайды [7].

Жазушы кейіпкерлерінің мінезі жол бойындағы табиғатпен қатарлас өрбіп отырады. Кейіпкерінің атын да Мезгіл қоюы жазушының осы табиғатпен етене жақын сырластығынан деуге болар. Кейіпкерінің бойындағы мінез бен шығарманың өн бойындағы сюжетті табиғат райымен үйдестіру, даланың болмысымен жақындастыру – жазушы шеберлігінің бір қыры. Бұған дәлел хикая кейіпкерлерінің монологынан да, екеуара диалогынан байқауға болады.

«Көк сілемік мұнар басқан ашық күн. Тақтайдай ұлан-қиыр жазық дала. Аңызакты аптап шілденің жуан ортасы болса да, дүние реңкі көгілдір, ізнәрлі жер бояуын әлі бермеген. Ойпаңы мен биік-биік қыраты, жүлге-жүлге таулары жоқ, осындай көгілжім жазықтарды көк жиегі де алыстап кететін болса керек, тым қиян шалғайдан көз ұшына ілігіп, сағыммен ойнап, белбейлене көтерілетін үйірім-үйірім, бұлың-бұлың, шоқ-шоқ ағаштар бейне теңізде жүзген ғажайып та жұмбақ алып кемелерге ұқсап көпке дейін толқып, баяу жылжып жақындайды да, айналып артқа түсіп алыстаған сайын әлгі бір ойнақы кейпіне тез ауысып, тағы да бұлыңдап тағы да толқып сала береді».

Табиғат та кейіпкер мінезімен қатарлас толқып, біресе асып, біресе тасиды. Жазық дала да кейіпкер көңіліндей біресе сағыныса сағыммен қауышады, біресе қимасынан айрылғандай тербеле алыстайды. Жазушының көркем сөзді құбылта, табиғатты түрлендіре баяндауында адам мінезі мен алдағы оқиға тізгіні қатарлас адымдайды.

Мезгіл - даланың кейпі, Мезгіл - кейіпкердің аты. Жазушы осынау үндестіктің де сырын

шығарманың өн бойында сызылтып, сыртпақтатып үйлестіре алған. Оны Мезгілдің өзі айтсын:

- Мен бұл дала жайында жас кезімде қиянқырлы әңгімелер еститін едім. Ол кезде, бір ғажабы, біз балалар болып айнала түнеріп, тұнжырап тұратын ну орманнан қорқатынбыз. Ал сол шетсіз-шексіз орманды айлап кезсе селт етпейтін үлкендер: «Мезгілдің даласы құрдым ғой, шегіне бір шыға алмайсың. Нысана етер, белгіге алар тұлдыр таппайсың, қалай қарап жүрсең де көсіліп жатқан кең жазық, адасып кетуің оп-оңай», - дейтін.

Иә, жазушы кейіпкері де мезгіл даласындай. Оны тәлкегі мол тағдыр-талайы күтіп тұрғаны осы адасып кетер кең жазық даладайын. Анасынан айрылған Мезгіл де осы табиғат мінезіндей. Балалықтың бал күндерінде Мезгілдің анасынан айрылуы да осы мезгіл даласына келген өрттен. Оның өгей анасымен табысуы да, балалық махаббатының оянуы да, ана орынан ана болған жанның қимасына айналуы мезгіл даласындай кең де жазық, алып та асқақ.

Мезгілді жетімдікке қиған да осы мезгілдің өрті.

«Жолындағының бәрін де жалап, жалмайды да жылжи береді. Қыбырлаған жан иесінде ес қалмайды. Тайлы-таяғымен шығып, күн алысады, түн алысады, бірақ жаһанды жалпағынан жайлап алған қара өрттің беті қайтпайды. Құдайдың дес берісінде, қара нөсер төгіп берсе, сонда ғана басылады. Әйтепесе, сендей соғылысқан халықтың өлгені өліп, өлмегені жан сауғалап, бетінің ауған жағына босып кете береді».

Мезгіл аталған дала. Мезгіл аталған кейіпкер. Тағдырлас. Ұқсас. Табиғат пен кейіпкердің өмірмен арпалысуы да, шайқасуы да қатарлас. Мезгілді анасынан айыратын мезгілдің өрті де, тағдырдың азмышы да қатал еді.

«Біздің үйдің терезесінен жалын сумаңдай бастады. Содан қорқамын ба, дауыстап апамды іздеймін. Бірақ, қайтып көруге жазбапты оны маған. Кейін білдім ғой, «Аңсұңқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне қойып кеткен де, содан қайтып шықпаған».

Мезгіл үшін анасы аққанат аңсұңқар құстай кең жазық далада қанатын жайып, маңдайын желпіп ұшып өте шыққандай, жүгіріп өткен балалық шағындай. Дегенмен, қайғылы Мезгілдің жан жүрегінде, көңіл түбінде ананың сырлы бейнесі қатталып қалғандай. Мезгілдің ойындағы Ана – ақ періште, Ана – аңсұңқар құс. Ана бейнесін ұмыту мүмкін бе?

Жазушы сұраққа жауапты ынтыға да құныға тыңдап отырған Туланға, Мезгілдің жан сарайынан ағылған сырына, көңіл түбіндегі сағыныш сазына әкеп құя береді, үздіксіз аққан ақ жауындай себелете төкпелей түседі.

«Тіпті анамның қыр мұрынды қызыл жүзі, қалың келген қара қасы, басын әнтек бұрып, төмен отырып күлгенде көрінетін ақ тістері де көз алдымда. Мен оны ұмыта алмадым».

Тағдыр да бір ауық мезгіл даласындай кең екен. Жазық даладай мейірімді екен. Жәбірліктің дәмін татқан, қамқорлықтың алақанын сағынған бала Мезгілге тағдыр Бибігүлдей өге ананы сыйға тртады.

Тағы да мезгілдің даласындағыдай үйірім-үйірім, бұлың-бұлың, шок-шок ағаштар біресе алыстан мұнартып, біресе жақындап қатарласа жарысатындай кейіпкерлер мінезі де, тағдыры да жаралы.

Мезгілдің өгей анасымен танысуы да өміріне өрт қалай кездейсоқ келсе, ардақты ана да солай ойда жоқта оқыстан енеді. Отбасына жылу әкелген ана, жарық сыйлаған ана алдымызда.

«Кенет пештен жанған отты көрдім. Тағы да өрт екен ғой деп жүрегім су етті. Бірақ түтін дегенің мұржадан шығып жатыр. Бықсып жанған оттың түтіні емес лауылдап жанған оттың түтіні. Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Үстінде батсайы қамзол».

Мезгілдің өгей анасымен қауышуы пештегі оттың лаулап жанғанындай ыстық жалындай. Бірі анасынан, бірі баласынан айрылған қос жетімекті қосқан тағдыр бала мен ана жүрегіне мәңгілік ыстық жалынын сыйлаған еді.

Мезгілдің даласындағы өрт пен боран да қатар егіз. Жазы - өрт, қысы – боран болатын мезгілдің қатал мінезі бала Мезгілге де, өгей анасына оңай тимегенін жазушы тағы да табиғат тілімен баян етеді. Табиғат тілі енді тарихтың да тілі.

Қазақ даласындағы 30-жылдардағы ашаршылық тақырыбын қозғау кеңестер одағы кезінде қандай қиын боғанымен, жазушы бұл тұста да ебін тауып, қазақ тұрмысының қиынқыстау күндерін боранды мезгілдің қатал қысымен, әкесінен айырылатын бала Мезгілдің өмірімен қатарласа, астарлата баяндайды. Аштықтың суреті аш боранның тәбетіндей.

«Бір үйлі жан болып, ошарылып, талғажау етіп отырған көжелігін тартып алып кетіп бара жатқанда даусын шығарып тіл қатар бірі жоқ. Ертең аштан өлерін біледі. Біле тұра үндемейді. Жалынбайды. Жағынбайды. Томсарған күйде қала береді. Аштықтан көз алды күлтеленіп, аяқ-

қолы ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеме берсең алады, жейді. Өңменіңнен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Әлде ездiк пе?»

Қазақтың даласындағы ашаршылық нәубетіне тап келген мезгіл жазушы шығармасында боранды қыспен қатарлас келеді. Аштық елдің есінде қалған мезгіл даласы куә болған ақиқат.

Мезгіл даласының мінезі қаншалықты құбылса, жазушы кейіпкері Мезгілдің де тағдыры соншалық құбылмалы. Әкеден айырылған Мезгілдің бар сүйеніші, қамқоры, тірегі – анасы Бибігүл. Мезгілдің қапыда шарпитын өртін, қысында қусыратын боранын көрген бала Мезгілге жер-ананы бусандыра келген көктемді қызығын аяғандай. Жазушы табиғат мінезіне салып, кейіпкерін қаншама аяғанымен, тағдыр аяусыздық танытқандай. Енді жесір қалған өгей ана Садырдың еншісінде.

Қызғаныштан қызыл өрт жұтқандай, сабырсыздықтан борандай ұлыған Мезгілдің жалғыз жарығы анасы Бибігүлмен тірідей айырылсуы. Садырдың алдында ер мінезі, ер жүректігін мойытқысы келмеген Мезгіл де кең даладай тәккаппар-ақ. Анасын қаншалықты қадірлеп сағынса да бозбала Мезгіл сол мезгіл даласындай жіби қоймайды. Жігіт ағасы Мезгілдің жүрегінде бір нұрлы шуақ – мезгіл шілдесінде кең далада ойнақтаған көгілжім сағымдай орын тепкен.

«Соны ойлағанда жаманның бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сыландайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған, қымбат та қимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашақ тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды».

Анасына асыққан Мезгіл де, тал мен талды, сағым мен сағымды қуалаған мезгіл желі де жолға аттанған жолаушыдай қатар желіп, қатар жарысады. Ауру анасына шипа болған Мезгіл де, даланың адуын мінезіне тиек болған мезгіл де хикая соңында ардақты анамен қауышады. Осылайша туындының өн бойында адам мінезі табиғаттан бір елі ажырымайды. Бұл жазушы Сафуан Шаймерденовтің көркемсөзді табиғатпен, табиғатты көркемсөзбен табыстыра алған, таныстыра білген шеберлігінде.

Қазақ әдебиетіне 50-ші жылдары келген тегеурінді толқынның алдыңғы сапында болған Сафуан Шаймерденов қазақ прозасына психологиялық қатпары мол, реалистік көркем дүниелерімен қайталанбас қол таңбасын қалдырды. Сөз зергері, психологиялық прозаның хас шебері Сафуан Шаймерденовтің көркем туындылары халқымен бірге жасай берері сөзсіз.

1. Шаймерденов С. 4-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – Т. 1. – 5 б.

2. Грехнев В.А. Словесный образ и художественное произведение. С. 33.

3. Шаймерденов С. Ағалардың алақаны. – Алматы: Жазушы, 1990. – 28-29 бб.

4. Хализев В.Е. Теория литературы, Москва: Высшая школа, 1999. – С. 21.

5. Шаймерденов С. Битабар балуан. – Алматы: Атамұра, 2004. – 5 б.

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 169 б.

7. Павлова О.А. Основы теории литературы: Учебно-методическое пособие. — Волгоград: Изд-во ВолГУ, 1999. — 64 с.

Автор статьи анализирует творческую мастерскую писателя Сафуана Шаймерденова. Раскрывается мастерство писателя на примере повести «Мезгил».

Л. Е. Сапартаева

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРДЕГІ КӨРКЕМДІК НАҚЫШТАР

Өз шығармаларында ұлттық болмысты халықтық дәстүр негізінде таныту жолында тың ізденістерге барған ақын Ілияс Жансүгіров ана тіліміздің игерілмей жатқан мол көркемдік мүмкіндіктерін ашты. Туған халқының тіліндегі көркем ойға тән икемділігін шыңдауда, оның

терең сырлы тұңғықтарына үнілуде көрегендікпен көсемдік танытып, артына өлмес өнеге қалдырған І.Жансүгіров әдебиетіміздің қоржынын толтыруға қомақты үлес қосты.

Шығармашылық ғұмырында ұлттық әдебиетіміздің бүгінгідей қарышты дамуына кең